8. Значение слова категорирование. Словарь синонимов русского языка. – 2025. – Режим доступа: https://sinonim.org/t/категорирование#top_ (дата обращения: 05.09.2025).

9. Приказ Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан №213 «Об утверждении перечня объектов транспортной инфраструктуры, на которых производится досмотр, лиц, в отношении которых не производится досмотр, веществ и предметов, запрещенных к вносу на объекты транспортной инфраструктуры» – Астана. – 2022. – 48 с.

10. Закон Республики Казахстан №416 «О противодействии терроризму» – Астана. – 1999. – 112 с.

11. Приказ Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан №405 «Об утверждении технического регламента «Общие требования к пожарной безопасности» – Астана. – 2024. – 86 с.

12. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс) / Кодекс Республики Казахстан № 120-VI– Астана. –2017. – 436 с.

13. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан / Кодекс Республики Казахстан № 375-V - Астана. - 2015. – 236 с.

14. Федеральный закон РФ № 16-ФЗ (с изм. и доп., вступ. в силу 01.03.2025) «О транспортной безопасности» – Москва. – 2007. – 278 с.

15. Постановление Правительства РФ № 1772 «Об утверждении требований к антитеррористической защищенности объектов (территорий) Федерального агентства по управлению государственным имуществом, его территориальных органов, подведомственных организаций и формы паспорта безопасности этих объектов (территорий)» – Москва. –2024. – 54 с.

16. Федеральный закон РФ № 123-ФЗ (ред. от 25.12.2023) «Технический регламент о требованиях пожарной безопасности». – Москва. – 2008. – 112 с.

17. Закон Республики Казахстан № 70-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2023 г.) «О Государственной границе Республики Казахстан» – Астана. –2013. – 8 с.

18. Определение (логика). Интернет-энциклопедия. – 2025. –Режим доступа: [https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Определение_\(логика\)](https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Определение_(логика)) (дата обращения 15.09.2026).



REFERENCES

1. Oficial'nyj sajt Prezidenta Respubliki Kazahstan [Jelektronnyj resurs] – 2025. – Rezhim dostupa: <https://www.akorda.kz/ru/events?page=1> (data obrashhenija 03.09.2025).
2. Sovmestnyj proekt: Tokaev obratilsja s predlozheniem k Kitaju [Jelektronnyj resurs]. – 2025. – Rezhim dostupa: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/sovmestnyi-proekt-tokaev-obratilsya-s-predlozheniem-k-kitayu-573182/ (data obrashhenija 03.09.2025).
3. Musin R.Zh., Kudro N.M. K voprosu o neobhodimosti kategorirovanija punktov propuska cherez gosudarstvennuju granicu Respubliki Kazahstan // Nauchnyj zhurnal «Shekara». – 2024. – №3. – S. 94-100.
4. Klimov Je.V. Zashhita territorial'nyh i vnutrennih vod Respubliki Kazahstan na Kaspijskom more i ee sovershenstvovanie: dis... dok.fil. (PhD). – Almaty / Pogranichnaja akademija KNB RK: 2019. – 301s.
5. Sadvakasov T.A. Ohrany Gosudarstvennoj granicy Respubliki Kazahstan s Turkmenistanom: dis... dok. fil. (PhD). – Almaty / Pogranichnaja akademija KNB RK: 2021. – 301s.
6. Jechin V.E. Razvitie ohrany Gosudarstvennoj granicy Respubliki Kazahstan s Rossijskoj Federaciej: dis... dok.fil. (PhD). – Almaty / Akademija Pogranichnoj sluzhby KNB RK: 2018. – 211s.
7. Ozhegov S.I. Tolkovyj slovar' russkogo jazyka / S.I. Ozhegov, N.Ju. Shvedova. – 4-izd., dop. – Moskva / Azbukovnik, 200. – 2025. – 940 s.
8. Znachenie slova kategorirovanie. Slovar' sinonimov russkogo jazyka. – 2025. – Rezhim dostupa: <https://sinonim.org/t/kategorirovanie#top> (data obrashhenija: 05.09.2025).
9. Prikaz Ministra industrii i infrastrukturnogo razvitija Respubliki Kazahstan №213 «Ob utverzhdenii perechnja ob#ektov transportnoj infrastruktury, na kotoryh proizvoditsja dosmotr, lic, v otnoshenii kotoryh ne proizvoditsja dosmotr, veshhestv i predmetov, zapreshhennyh k vnosu na ob#ekty transportnoj infrastruktury» – Astana. – 2022. – 48 s.
10. Zakon Respubliki Kazahstan №416 «O protivodejstvii terrorizmu» – Astana. – 1999. – 112 s.
11. Prikaz Ministra po chrezvychajnym situacijam Respubliki Kazahstan №405 «Ob utverzhdenii tehničeskogo reglamenta «Obshhie trebovanija k požarnoj bezopasnosti» – Astana. – 2024. – 86 s.
12. O nalogah i drugih objazatel'nyh platezhah v bjudzhet (Nalogovyj kodeks) / Kodeks Respubliki Kazahstan № 120-VI– Astana. – 2017. – 436 s.
13. Predprinimatel'skij kodeks Respubliki Kazahstan / Kodeks Respubliki Kazahstan № 375-V - Astana. - 2015. – 236 s.
14. Federal'nyj zakon RF № 16-FZ (s izm. i dop., vstup. v silu 01.03.2025) «O transportnoj bezopasnosti» – Moskva. – 2007. – 278 s.
15. Postanovlenie Pravitel'stva RF № 1772 «Ob utverzhdenii trebovanij k antiterroristicheskoj zashhishhennosti ob#ektov (territorij) Federal'nogo agentstva



po upravleniju gosudarstvennym imushhestvom, ego territorial'nyh organov, podvedomstvennyh organizacij i formy pasporta bezopasnosti jetih ob#ektov (territorij)» – Moskva. –2024. – 54 s.

16. Federal'nyj zakon RF № 123-FZ (red. ot 25.12.2023) «Tehnicheskij reglament o trebovanijah pozharnoj bezopasnosti». – Moskva. – 2008. – 112 s.

17. Zakon Respubliki Kazahstan № 70-V (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 01.07.2023 g.) «O Gosudarstvennoj granice Respubliki Kazahstan» – Astana. –2013. – 8 s.

18. Opredelenie (logika). Internet-jenciklopedija. – 2025. –Rezhim dostupa:[https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Opredelenie_\(logika\)](https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Opredelenie_(logika)) (data obrashhenija 15.09.2026).

Руслан Мусин, докторант, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің академиясы, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІН САНАТТАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттің экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің рөлі негізделеді. Зерттеу шекара арқылы өтетін өткізу пункттерінде де, одан тыс жерлерде де тұлғалар мен көлік құралдарының жиналу мәселелері қарастырылады. Мәселелерді шешу бағыттарының біріҚазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасыарқылы өткізу пункттерін санаттау процесін жүргізу қажеттілігі болып табылады.Жұмыста Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілерінеталдау жүргізіліп, оның негізінде бұрын болмаған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктін санаттау» ұғымына анықтама ұсынылды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде шекара арқылы өткізу пункттерінсанаттаудың мақсаты мен міндеттері анықталды. Қосымша нәтиже ретінде алдағы зерттеулерде зерделеу жоспарланып отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасыарқылы өткізу пункттерін санаттау критерийлері ұсынылды.

Түйінді сөздер: санаттау, өткізу пункті, ұғым, анықтама, мақсат, міндет



Ruslan Mussin, doctoral student, Academy of Border the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

THE PURPOSE AND OBJECTIVES OF CATEGORIZING OF BORDER CROSSING POINTS ACROSS AT THE STATE BORDER OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article highlights the significance of border crossing points across at the State border of the Republic of Kazakhstan in supporting the country's economic growth. The study addresses the issue of congestion of individuals and vehicles both within and beyond border crossing points. To resolve these challenges, the paper emphasizes the necessity of introducing a categorization process for border crossing points across at the State border of the Republic of Kazakhstan. The research involves an analysis of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation, which served as a basis for proposing a definition of the concept "Categorization of a crossing points across at the State border of the Republic of Kazakhstan", previously absent in the legal and academic discourse. As a result of the study, the purpose and objectives of categorization are defined. Furthermore, a set of criteria for categorizing border crossing points across at the State border of the Republic of Kazakhstan is proposed, which are intended to be further examined in subsequent research.

Keywords: categorization, border crossing point, concept, definition, purpose, objective.

Поступила: 29 октября 2025 года

Рецензирована: 04 декабря 2025 года

Принята: 10 декабря 2025 год

FTAXP 78.27.54

<https://doi.org/10.56132/2791-3368-2025-4-64-49-57>**Қ.Е. Әлиев**

Satbayev University, Алматы, Қазақстан

E-mail: alievv_25@mail.ru

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (АҚШ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ)

Андатпа. Мақалада қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Қарулы Күштерді қолданудың құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілері АҚШ тәжірибесі негізінде қарастырылады. АҚШ-та бұл сала нақты заңдармен (мысалы, Posse Comitatus Act, Insurrection Act) реттеледі және әскери құрылымдардың азаматтық билікке бағынуы басты қағида ретінде қарастырылады. Ұлттық гвардияның рөлі, арнайы дайындық жүйесі және ақпараттық ашықтық принциптері де маңызды. Мақалада аталған тәжірибелерді Қазақстан жағдайына бейімдеу жолдары ұсынылып, Қарулы Күштерді қоғамдық тәртіпке тартудың тек төтенше және негізделген жағдайда қолданылуы қажет екені атап өтіледі.

Түйінді сөздер: Қоғамдық қауіпсіздік, Қарулы Күштер, АҚШ тәжірибесі, Ұлттық гвардия, жаппай тәртіпсіздіктер.

Кіріспе.

Қоғамдық қауіпсіздік – мемлекет тұрақтылығының негізі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жаппай тәртіпсіздіктер, лаңкестік қауіптер мен төтенше жағдайлар кезінде мемлекеттердің Қарулы Күштері қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге тартылуы мүмкін.

Қоғамдық қауіпсіздікті бұзумен күресу кез-келген елдегі полиция күштерінің маңызды функцияларының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта АҚШ-та, біздің ойымызша, кез-келген қоғамда туындауы мүмкін және тіпті ең дамыған демократиялық мемлекеттерде де елеулі ішкі қақтығыстар тудыруы мүмкін азаматтық толқулармен күресу тұжырымдамасы жеткілікті түрде егжей-тегжейлі жасалған.

АҚШ Қарулы Күштерінің азаматтық қақтығыстар кезіндегі іс-қимылдарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттардың бірі - «Азаматтық тәртіпсіздіктер мен апаттар» FM 19-15 DO жарғысы [1]. Бұл құжатта Ұлттық ұланның азаматтық толқулардың алдын алу және оларды тоқтату бойынша бөлімдері мен бөлімшелерінің тактикалық әрекеттерін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртіптері нақты сипатталады. Қазіргі кезде америкалық армия құрамалары мен бөлімдерінің қолбасшылары жеке құрамды осындай арнайы сипаттағы операцияларға даярлау барысында аталған жарғыны нұсқаулық ретінде пайдаланады. Сондықтан, біздің



көзқарасымызша, бұл құжатқа қысқаша шолу жасап, оны талдау маңызды. Сонымен қатар, әр бөлімді Қазақстан Республикасының жағдайына сәйкестендіріп қарастыруға да мүмкіндік бар.

Материалдар мен тәсілдер.

Салыстырмалы талдау, құжаттық талдау, жағдайды зерттеу және сұхбат немесе сараптамалық пікірлер жинау әдістері қолданды.

Нәтижелер мен талқылау.

Жарғының бірінші тарауы – «Кіріспе», яғни азаматтық толқуларға әрекет етудің негіздері [2]. Бұл бөлім АҚШ Қарулы Күштерінің азаматтық тәртіпсіздіктер туындаған жағдайлардағы саяси ұстанымдарын, жалпы бағытын және әрекет ету қағидаларын сипаттайды. Мұнда әскери құрылымдардың функциялары мен міндеттері, сондай-ақ азаматтық басқару органдарымен өзара ықпалдастықтың негізгі принциптері айқындалады. Бұл тарау жарғының келесі бөлімдері үшін құқықтық және құрылымдық база ретінде қарастырылады. Аталған бөлім әскери бөлімшелерге: - қандай жағдайларда араласуға рұқсат етілетінін; - қандай нормативтік-құқықтық актілер мен ережелер аясында әрекет ету қажет екенін; - қоғаммен өзара қарым-қатынас орнатудың негізгі ұстанымдарын көрсетеді.

Бұл тарау стратегиялық пайым мен құқықтық нормалардың үйлесімін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, әскерилердің азаматтық толқуларға қатысуы барысында күшті ұтымды қолдану, құқықтық шеңберде әрекет ету және қоғамдық сенімді сақтау қағидаттарын ұстануына жол ашады.

Қазақстан Республикасының контекстінде азаматтық тәртіпсіздікке жататын жағдайларға мыналар жатады: - тиісті рұқсатсыз өткізілетін демонстрациялар мен шерулер; - маңызды инфрақұрылым объектілерін күшпен иемдену әрекеттері; - қоғамдық тәртіпті әдейі бұзуға бағытталған ұйымдасқан топтардың әрекеті; - арандатушылық пен жұртшылықты тәртіп бұзуға итермелейтін іс-әрекеттер.

Жарғының екінші тарауы - «Құқықтық негіздер» - азаматтық тәртіпсіздіктерге ден қою барысында АҚШ Қарулы Күштерінің қандай заңдық рұқсаттар мен шектеулерге сүйенетініне түсінік береді [2]. Ел аумағында әскери күштерді қолдану нақты заңнамалық актілермен қатаң реттеледі. Бұл тарауда әскери құрылымдардың қай жағдайда, қандай көлемде және қандай шектеулермен әрекет етуге құқылы екендігі нақты көрсетіледі. Аталған тарау заңдылықты екіжақты тұрғыдан қарастырады: құқық бұзушылық тек тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар тарапынан ғана емес, сонымен қатар қоғамдық тәртіпті қалпына келтіруші құрылымдар жағынан да орын алмауы тиіс. Осы бөлім келесі маңызды аспектілерге бағытталады: - әскери бөлімшелердің азаматтық салаға араласуындағы заңдылық принципін сақтау; - азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау; - заңсыз немесе шектен тыс бұйрықтарды орындауға жол бермеу және ондай әрекеттер үшін жауапкершілік мәселесін нақтылау.



Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мемлекет басшысының шешімдеріне сәйкес бірқатар ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, олар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, терроризмге қарсы іс-қимыл жүргізу, мемлекеттік шекара күзетін күшейту, төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету сияқты міндеттерді орындай алады. Сонымен қатар, Қарулы Күштер елдің демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне төнетін елеулі және тікелей қауіп кезінде және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты қызметі бұзылған жағдайда іске қосылады [3, 7-б].

Осыған байланысты, Әскери доктринаның 40-тармағына сәйкес, ел ішіндегі қарулы қақтығыстардың алдын алу мен оларды тоқтату міндеті Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары, Қарулы Күштері және өзге де мемлекеттік құрылымдармен бірлесе әрекет ету арқылы Ұлттық ұланға жүктеледі [4, 2-б]. Демек, Қарулы Күштер елді мекендерде орын алуы ықтимал жаппай тәртіпсіздіктерді басу мақсатында ұйымдастырылатын арнайы операцияларға қатысу құқығына ие болады.

«Жоспарлау және орналастыру мәселелері» атты үшінші тарауда АҚШ Қарулы Күштерінің азаматтық тәртіпсіздіктерге жауап ретінде қолданылатын жоспарлау, даярлық және орналастыру үдерістері егжей-тегжейлі баяндалады [2]. Бұл бөлім әскери бөлімшелердің әрекеттерін тиімді және құқықтық негізде ұйымдастыру үшін командирлерге әдістемелік негіз ретінде қызмет етеді. Тарау әскери және құқық қорғау органдарына: - операцияны нақты әрі жүйелі түрде жобалауға; - қажетті материалдық-техникалық ресурстарды дайындауға; - үйлестірілген әрекеттер жүргізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл тараудың мазмұны жеке құрамның кәсіби дайындық деңгейін арттыруға және қоғамдық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы жағдайында қоғамдық тәртіпке қауіп төну белгілері анықталған кезде, Ұлттық ұлан, полиция, Қарулы Күштер және жергілікті атқарушы органдар алдын ала ортақ іс-қимыл жоспарын әзірлейді.

Бұл орайда Қазақстан үшін келесі басым бағыттар айқындалады: - бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; - әскери және құқық қорғау құрылымдарының өзара тиімді әрекетін үйлестіру; - әлеуметтік шиеленісті өршітпей, құқықтық нормалар аясында әрекет ету.

Жарғының төртінші тарауы — «Тәртіпсіздіктерді бақылау тактикасы» - қоғамдық тәртіпті бұзу жағдайларына ден қою кезінде әскери бөлімшелер мен құқық қорғау құрылымдары қолданатын тактикалық тәсілдерді сипаттайды [2]. Бұл тарау заңсыз митингілер, ереуілдер, жаппай толқулар мен тәртіпсіздіктерге күш қолдану арқылы жауап беру алгоритмін ұсына отырып, іс-қимылдың тиімді әрі заңды жолдарын жүйелейді. Аталған тараудың мазмұны: - командирлерге жағдайды қадағалауда ұстауға; - әскери және полиция құрылымдарына құқықтық шеңберде әрекет етуге; -



азаматтардың өмірі мен денсаулығына нұқсан келтірмей, қоғамдық тәртіпті қалпына келтіруге жәрдемдесуге бағытталған.

Қазақстан Республикасында қоғамдық іс-шаралар мен жаппай жиналыстар алдында құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар (Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, әкімдіктер): - қатысушылардың шамамен санын; - қоғамдық көңіл-күйді және ықпалды тұлғалардың әсерін; - оқиға өтетін аумақтың ерекшеліктерін (мысалы, тығыз қоныстанған аудандар, тар көшелер, базарлар т.б.); - сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ақпараттық жағдайды ескере отырып, тәуекелдер картасын әзірлейді.

Аталған тарау Қазақстан жағдайына бейімделсе, құқық қорғау органдары үшін азаматтық тәртіпсіздіктерге қарсы құқықтық және кәсіби әрекет ету тетіктерін нақтылауға негіз бола алады.

Бесінші тарау – «Күш қолдану мүмкіндіктері мен құқықтық шектеулер» [2]. Бұл бөлім әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының өкілдері азаматтық толқулар кезінде қандай күш түрлерін пайдалануға құқылы екенін (және қандай жағдайда қолдануға тыйым салынатынын) сипаттайды. Сондай-ақ, күш қолдануға АҚШ Конституциясы, ұлттық заңнама және әскери регламенттер шеңберінде қандай шарттармен рұқсат берілетіні нақты көрсетіледі.

Аталған тарау – әскери құрылымдар мен құқық қорғау мекемелерінің заңдылық және моральдық нормалар аясында іс-әрекет етуіне арналған егжей-тегжейлі нұсқаулық. Ондағы басты қағидалар мыналарға негізделеді: - күш қолдану-тек соңғы амал ретінде қарастырылуы тиіс; - барлық операциялар тиісті түрде тіркеліп, құжатталуы қажет; - қоғамдық қауіпсіздік пен адам өмірінің құндылығы – басты басымдық болуы керек.

Қазақстан Республикасының жағдайында бұл тараудың мазмұны мыналарға бағытталады: - құқық қорғау құрылымдарының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету барысында заң шеңберінде күш қолдану шегін нақты айқындау; - қызметкерлердің адам құқықтарын құрметтейтін, этикалық әрі кәсіби іс-қимыл жасауына жол ашу; - халық пен мемлекеттің арасындағы өзара сенімді нығайтуға ықпал ету.

Жарғының алтыншы тарауы – «Психологиялық және ақпараттық ықпал ету операциялары» [2]. Бұл бөлімде психологиялық және ақпараттық операциялар арқылы қоғамдық санаға ықпал ету тетіктері қарастырылады. Мұндай операциялар азаматтық тәртіпсіздіктердің алдын алуға немесе оларды бейбіт жолмен тоқтатуға бағытталған кешенді іс-шараларды қамтиды.

Психологиялық операциялар – бұл қарсы тараптың немесе бейтарап аудиторияның көзқарасын, сенімін және мінез-құлқын өзгертуге бағытталған ақпараттық ықпал ету әрекеттері. Бұл операциялардың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады: - тәртіп бұзуға қатысып жатқан тұлғаларды заңсыз әрекеттерден бас тартуға көндіру; - қоғамға құқықтық салдарлар туралы жан-жақты ақпарат беру; - азаматтарды бейбіт түрде тарауға шақыру; - үрей



тудыру емес, рационалды ойлауға итермелеу арқылы моральдық тұрғыда ықпал ету.

Ақпараттық операциялар – бұл тәртіпсіздік жағдайында ақпарат ағынын тиімді ұйымдастыру және дезинформацияға қарсы шаралар жүргізу үдерісі. Мұндай тәсілдер тәртіпсіздіктерді тек күш қолдану арқылы емес, ақпараттық және психологиялық құралдар арқылы да реттеуге болатындығын дәлелдейді. Бұл бағыттағы артықшылықтар: - адам шығынының азаюына ықпал ету; - қоғамдық тұрақтылықты сақтау; - мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыру.

Қазақстан Республикасындағы жағдай тұрғысынан алғанда, мұндай операциялар келесідей нәтижелерге бағдарланған: - шынайы ақпарат тарату және сенімді коммуникация орнату – қақтығыстардың алдын алудағы негізгі құрал; - мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің өзара іс-қимылы-психологиялық тұрақтылықтың кепілі; - қоғаммен ашық әрі шынайы диалог жүргізу – мемлекеттік бедел мен құқық үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды алғышарттарының бірі.

Құжаттың жетінші тарауы – «Күш қолдану арқылы азаматтық тәртіпсіздіктерді басқару тәсілін таңдау» [2]. Бұл бөлімде FM 19-15 жарғысының ережелеріне сәйкес, күш қолдану әдістерін таңдаудың принциптері баяндалады. Жарғыға сәйкес: - тактикалық және стратегиялық іс-қимылдар нақты қауіп-қатер деңгейіне сәйкес бейімделуі тиіс; - қабылданатын барлық шешімдер заңнама мен құқықтық тәртіп негізінде жүзеге асырылады; - командирдің таңдауы – алдын ала болжанатын және жауапкершілікпен қабылданған шешім болуы міндетті.

Қазақстан Республикасындағы тәртіпсіздіктерге ден қою кезінде күш қолдану: - заңнамалық нормаларға сәйкестікті, пропорционалдықты және қажеттілік қағидаларын сақтай отырып жүзеге асырылуы қажет; - қабылданған әрбір шешім қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен адам құқықтарын қорғау арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтауға негізделуі тиіс; - тәртіпсіздіктердің алдын алуға бағытталған ақпараттық, алдын алу және психологиялық құралдармен қатар жүргізілуі тиіс.

Жарғының сегізінші тарауы – «Көпшілікті бақылауға арналған бөлімшелер» [2]. Бұл бөлім азаматтық толқулар мен жаппай тәртіпсіздіктер жағдайында әрекет ететін арнайы құрылымдардың міндеттері мен рөлін сипаттайды.

Мұндай бөлімшелердің негізгі қызметтік бағыттары төмендегідей: - тәртіпсіздікке тартылған тұлғалардың қозғалысын бақылау және шектеу; - көпшілікті тарату және бейтараптандыру арқылы жағдайды тұрақтандыру; - қоғамдық қауіпсіздікті қалпына келтіру және оны қамтамасыз ету; - жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ меншік нысандарына зиян келтірудің алдын алу. Көпшілікті бақылауға арналған бөлімшелер келесі сипаттамаларға ие: - жоғары деңгейде ұйымдастырылған және құрылымдалған; - жедел әрі тиімді әрекет ету қабілетімен ерекшеленеді; -



қоғамдық тәртіп пен құқықтық тәртіпті сақтау мақсатында арнайы дайындықтан өткен кәсіби күштер ретінде бағаланады.

Қазақстан Республикасы жағдайында мұндай бөлімшелердің қызметі келесі қағидаттарға негізделеді: - қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету әрекеттері тек қолданыстағы заңнама аясында жүзеге асырылады; - күш қолдану – тек ерекше қажеттілік туындаған және заңмен рұқсат етілген жағдайларда ғана қолданылуы тиіс; - бөлімшелердің барлық іс-әрекеттері адам құқықтары мен негізгі азаматтық бостандықтарды құрметтеу және сақтау принциптеріне сәйкес жүргізіледі.

Тоғызыншы тарау – «Арнайы құралдарды қолдану тәртібі мен әдістері» [2]. Бұл бөлімде АҚШ армиясы мен Ұлттық гвардия бөлімшелері тарапынан жаппай тәртіпсіздіктерге ден қою барысында пайдаланылатын арнайы құралдардың түрлері, оларды қолдану ережелері мен құқықтық шектеулері сипатталады.

Арнайы құралдарды пайдалану келесі кезеңдер бойынша реттеледі: - жағдайды бағалау-бұқаралық іс-әрекеттердің сипаты мен ықтимал қатер деңгейін анықтау; - командалық шешім-құралдарды қолдануға рұқсат тек жоғары әскери басшылықтың бұйрығымен беріледі; - алдын ала ескерту-құрал қолдану алдында халықты ақпараттандыру міндетті; - қауіпсіздік шараларын сақтау-бейбіт тұрғындар мен кездейсоқ адамдар үшін қауіпсіздік аймағын анықтау; - қолдану және бақылау-арнайы құралдарды пайдалану үдерісі толықтай бейнетіркеу құралдарымен жазылып отырады. Аталған құралдарды қолдану: - азаматтық толқуларды бейтараптандырудың бір әдісі ретінде; - тек заңмен белгіленген шектеулер шеңберінде және қатаң реттелген тәртіппен; - жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адам құқықтарын сақтау қағидаттарына қайшы келмейтін түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасында арнайы құралдарды қолдану: - қолданыстағы заңнама нормаларымен нақты реттелген; - құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарына сәйкес жүргізіледі; - азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол бермей, қоғамдық тәртіпті сақтау және адам өмірін қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

Оныншы тарау – «Жоспарлау және өзара іс-қимылды үйлестіру» [2]. Бұл бөлім азаматтық тәртіпсіздіктерге қарсы әрекет ету барысында жоспарлы әрі келісілген іс-қимылдарды ұйымдастыру мәселелеріне арналған. Аталған тарау төмендегі міндеттерді қамтиды: - жауапты мемлекеттік органдар мен құрылымдар арасындағы өзара үйлестіруді қамтамасыз ету; - әрекет ету жоспарларын әзірлеу, бекіту және қажеттілігіне қарай жаңарту тәртібін регламенттеу; - қауіпсіздік күштері, жергілікті атқарушы органдар және федералдық мекемелер арасындағы бірлескен әрекетті ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасындағы жағдайға бейімделу нұсқасы келесі бағыттарды қамтиды: - қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында жүйелі жоспарлау механизмін қалыптастыру; - күш қолдануды тек заңнамаға сәйкес



және азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігін басымдықпен қамтамасыз ету жағдайында жүзеге асыру; - мемлекеттік құрылымдардың үйлесімді және тиімді өзара іс-қимылын жолға қою.

Он бірінші тарау – «Әскери бөлімшелердің операциялық міндеттері мен тактикалық жылжу тәртібі» [2]. Бұл бөлім азаматтық тәртіпсіздіктер жағдайында әскери құрылымдардың нақты әрекеттерін, олардың тактикалық орналастырылуын, қозғалыс тәртібін және басқару жүйесін сипаттайды.

Операциялық міндеттердің негізгі түрлері мыналарды қамтиды: - аймақты оқшаулау (бүлік шыққан немесе шығуы ықтимал аумақтарды сыртқы ықпалдан оқшаулау, қауіпсіздік шекарасын орнату арқылы шектеу); - топты тарату (көпшілікті басқару құралдарын қолдану арқылы адамдардың қозғалысын реттеу, эвакуация жолдарын және шығу бағыттарын қамтамасыз ету); - қамту және оқшаулау (тәртіпсіздікке қатысушыларды белгілі бір аумақта ұстау, олармен байланыс орнатуға немесе қажеттілік туындаған жағдайда күш қолдануға дайын болу); - бекіністер мен тосқауылдар орнату (жол қозғалысын бақылау, қауіпті заттардың немесе қару-жарақтың кіргізілуінің алдын алу, азаматтар мен көлік құралдарын тексеру); - ұстау және бейтараптандыру (заңсыз әрекет жасаған тұлғаларды ұстау және қоғам үшін қауіп төндіретін элементтерді әрекетсіздендіру).

Қазақстан Республикасының жағдайында бұл тарауды бейімдеу мыналарға бағытталады: - қоғамдық тәртіпті қалпына келтіруді қамтамасыз етуге; - тактикалық жағынан икемді әрі тиімді әрекет етуге; - құқықтық шеңберде әрекет ете отырып, адам құқықтары мен қауіпсіздігін сақтауға.

Он екінші тарау - «Операциядан кейінгі кезең» [2]. Бұл бөлім жаппай тәртіпсіздіктерді тоқтату немесе бейтараптандыру жөніндегі негізгі шаралар аяқталғаннан кейінгі уақыт аралығын қамтиды. Аталған кезеңнің басты мақсаты – әлеуметтік тұрақтылықты қалпына келтіру, мемлекеттік билікке деген сенімді нығайту және қолданылған шаралардың құқықтық негізділігін дәлелдеу. Операциядан кейінгі кезеңнің негізгі міндеттері мыналарды қамтиды: - күштерді қайта шоғырландыру және құрылымдастыру; - қоғамдық тәртіпті мониторингілеуді жалғастыру; - басқару функцияларын азаматтық құрылымдарға беру; - жәбірленушілерге және зардап шеккендерге қолдау көрсету; - құжаттандыру және оқиғаны талдау, барысында жүзеге асырылған барлық іс-қимылдар тіркеліп, қызметтік есептер түзіледі.

Қазақстан Республикасында тәртіпсіздіктерден кейінгі кезең: - қоғамдық өмірдің қалыпты арнаға түсуін қамтамасыз етуге; - азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтуға; - қолданылған мемлекеттік шаралардың заңдылығын дәлелдеуге бағытталады. Бұл кезеңде Ұлттық ұлан, полиция, жергілікті атқарушы органдар, Төтенше жағдайлар министрлігі, әскерилендірілген құрылымдар, медициналық мекемелер, бұқаралық ақпарат құралдары және азаматтық қоғам институттары тығыз ынтымақтастықта әрекет етеді.

Қорытынды.

Осылайша, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кенеттен туындайтын міндеттерді орындау кезінде және жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге тартылған АҚШ Қарулы Күштерінің тактикасын ескере отырып Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы мен Қарулы Күштерін жаппай тәртіпсіздіктер кезінде қолдану Ережесін дайырлау қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Қарулы Күштерін қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тарту - тек ерекше жағдайларда, заңмен бекітілген тәртіпте және азаматтардың құқықтарын сақтай отырып жүргізілуі тиіс. Бұл тұжырымдама Қарулы Күштердің бейбіт уақытта қоғам алдындағы жауапкершілігін нақтылауға, ал дағдарыс кезінде - тиімді және үйлестірілген әрекет етуіне жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бондяев Д.А. Правовые и организационные основы деятельности вооруженных сил по обеспечению внутренней безопасности США. Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.14. – М., 2011. - 183 с.

2. FM 19-15, Civil Disturbances Department of the Army, Washington D.C. Published: 1985 (Some editions available from earlier years as well) Available through: U.S. Army Publications (ресми веб-сайт, қазіргі басылымдар үшін).

3. «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы №29 Заңы. (2025.01.01. бойынша өзгертулер мен толықтырулармен). Интернет ресурсы: <https://online.zakon.kz>. (жүгінген күні: 26.02.2025ж.).

4. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйктегі № 554 Жарлығы. (2022.12.10. өзгерістер мен толықтырулармен). Интернет ресурсы: <https://online.zakon.kz>. (жүгінген күні: 16.03.2025ж.).

REFERENCES

1. Bondjaev D.A. Pravovye i organizacionnye osnovy dejatel'nosti vooruzhennyh sil po obespecheniju vnutrennej bezopasnosti SShA. Dis. ... kand. jurid. nauk: 12.00.14. – M., 2011. - 183 c.

2. FM 19-15, Civil Disturbances Department of the Army, Washington D.C. Published: 1985 (Some editions available from earlier years as well) Available through: U.S. Army Publications (resmi veb-sajt, kazirgi basylymdar yshin).

3. «Қазақстан Respublikasynың қорғанys zhәне Қарuly Kyshteri turaly» Қазақстан Respublikasynың 2005 zhylғы 7 қаңtardaғы №29 Заңы. (2025.01.01. bojynsha өзgertuler men tolyktyrularmen). Internet resursy: <https://online.zakon.kz>. (zhygingen kyini: 26.02.2025zh.).

4. «Қазақстан Respublikasynың Әскери doktrinasyn bekitu turaly» Қазақстан Respublikasy Prezidentiniң 2017 zhylғы 29 qyrkүйktegi № 554 Zharlyғы. (2022.12.10. өзgerister men tolyktyrularmen). Internet resursy: <https://online.zakon.kz>. (zhygingen kyini: 16.03.2025zh.).



Kanatbay Aliyev, master, senior lecturer, Reserve colonel, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, alievkanatbai2@gmail.com

SOME QUESTIONS OF THE USE OF THE ARMED FORCES TO ENSURE PUBLIC SAFETY (ON THE EXPERIENCE OF THE UNITED STATES)

This article explores the legal and organizational aspects of deploying the Armed Forces to maintain public order, based on the experience of the United States. In the U.S., this area is regulated by specific laws such as the Posse Comitatus Act and the Insurrection Act, which emphasize the subordination of military structures to civilian authority. The role of the National Guard, the system of specialized training, and the principles of information transparency are also highlighted. The article proposes ways to adapt these practices to Kazakhstan, stressing that the involvement of Armed Forces in public order operations should be reserved for extreme and well-justified cases.

Keywords: Public security, Armed Forces, US experience, National Guard, riots.

Қанатбай Әлиев, магистр, старший преподаватель, полковник запаса, Satbayev University, Алматы, Казахстан, alievkanatbai2@gmail.com

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРИМЕНЕНИЯ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ К ОБЕСПЕЧЕНИЮ ОБЩЕСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (НА ОПЫТЕ США)

Аннотация. В статье рассматриваются правовые и организационные аспекты использования Вооружённых сил для обеспечения общественного порядка на основе опыта Соединённых Штатов. В США данная сфера регулируется такими законами, как Posse Comitatus Act и Insurrection Act, которые подчёркивают подчинённость военных структур гражданской власти. Также освещается роль Национальной гвардии, система специальной подготовки и принципы информационной открытости. В статье предлагаются пути адаптации этого опыта к условиям Казахстана, с акцентом на то, что привлечение Вооружённых сил к обеспечению порядка должно применяться только в исключительных и обоснованных случаях.

Ключевые слова: общественная безопасность, Вооруженные Силы, опыт США, Национальная гвардия, массовые беспорядки.

Қабылданған күні: 2025 жылғы 29 қыркүйек

Рецензиядан өткен күні: 2025 жылғы 05 желтоқсан

Мақұлданған күні: 2025 жылғы 10 желтоқсан



М.Ж. Шопанбаев

ҚР ҰҚК Шекара академиясы, Алматы, Қазақстан

E-mail: shopanbaev@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ОФИЦЕРЛЕРДЕ МОРАЛЬДЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУГЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҰҒЫРЛАР

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметінің құндылығы ретінде офицерлерде моральді-психологиялық тұрақтылықты қалыптастыру мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеу мақсатында әдіснамалық тұғырлар қолданылған. Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы айналасында бүгінде халықаралық жағдай ушығып тұр, сондықтан-да бұл бағдардың біз үшін маңызы зор. Мемлекет басшысы мен өкімет тарапынан бүгінгі таңда офицердің кәсіби біліктілігіне үлкен талаптар қоюда, осыған байланысты болашақта моральді-психологиялық қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болатын моральді-психологиялық тұрақтылыққа үлкен назар бөлуді қажет етеді. Бұл жұмыста моральді-психологиялық тұрақтылықтың әлеуетін ашу мақсатында жүйелік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр және аксиологиялық тұғыры қолданылған. Жоғарыда айтылған әдіснамалық тұғырлар зерттеудегі офицерлердегі қалыптасуы қажет қасиеттің компоненттерін айқындау үшін әдіснамалық құрал ретінде қолдануы мүмкін.

Түйінді сөздер: моральді-психологиялық тұрақтылық, құндылық, жүйелік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, аксиологиялық тұғыр.

Кіріспе.

Бүгінде әлем бұрын-соңды болмаған геосаяси қайшылықтар мен қақтығыстардың күшеюіне байланысты туындаған күрделі сынақтармен бетпе-бет келіп отыр. Осындай сын сағатта бізге өңірлік және жаһандық деңгейдегі ұжымдық күш-жігер арқылы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту үшін орасан зор жауапкершілік жүктеліп отыр [1]. Қазақстан Республикасы (әрі қарай-ҚР) Қарулы күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрылымдарының жемісті жаңашаландырылуы көбіне зайырлық әлеуеті жоғары, сауатты да білікті, өз ісін жақсы білетін мамандар қажет. Әскери дайындық пен өзгерістер тағдыры толығымен армияның алтын қоры болып саналатын осы офицер корпусына байланысты [2].

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сүйене отырып, ҚР Ұлттық қауіпсіздік жүйесін одан әрі стратегиялық дамыту мақсатында, оның ішінде



Ұлттық қауіпсіздік органдары (әрі қарай-ҰҚО) бүкіл кадрлық құрамында жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру саласындағы негізгі бағыттары ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (әрі қарай-ҰҚК) Төрағасы генерал-лейтенант Е.А. Сағымбаевтың 2022 жылдың сәуір айында басшы құрам алдында сөйлеген сөзінде айқындалған болатын[3]. Біздің мемлекетімізге ҚР Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету тәжірибиесінің шұғыл сұраныстарына жауап беретін, әскери іс пен жедел жұмысты терең меңгерген, болашақта өзінің қызметтік және жауынгерлік іс-әрекетінің барлық кезеңдерінде жаңа білімді игеруге, кәсіптік іскерліктер мен дағдыларды қолданудың қолда бар практикалық тәжірибесін кеңейтуге, сеніп тапсырылған бөлімшені (күштерді) жедел басқаруға қабілетті және кәсіптік даярланған офицер қажет.

Мемлекетіміздің айналасында болып жатқан күрделі өзгерістерді еске ала отырып алдағы уақытта офицерлерде моральді-психологиялық тұрақтылықты (әрі қарай-МПТ) ҰҚО қызметінің құндылығы ретінде қалыптастыру тақырыбында ҚР ҰҚК Шекара академиясында әскери ғалымдармен зерттеулер жүргізілуде.

МПТ қалыптастыру бағыты бойынша: М.А. Сибирко Ресей ішкі істер министірлігінің білім беру мекемелерінде төтенше жағдайларында курсанттарға МПТ-ты қалыптастыруды зерттеген [4], Э.Т. Хайруллова ішкі істер органдары қызметкерлерінің үздіксіз білім беру жүйесінде МПТ-ын дамыту [5] тақырыптарындағы зерттеулері үлкен ғылыми қызығушылық тудырады.

Қызмет құндылығы бағыты бойынша: О.Н. Марусенко әскери қызметтің құндылықтарын [6], В.В. Володин шекара органдары қызметкерлерінің базалық құндылықтарын [7], А.Н. Котухов Ресей Федералды қауіпсіздік қызметінің шекаралық профильді білім беру мекемелеріндегі білім беру іс-әрекетінің құндылық негіздерін [8] зерттеген. Қазақстанда зерттеуіміздің бағыттары бойынша бүгінгі күнге дейін диссертациялық зерттеулер жүргізілмеген.

Материалдар мен тәсілдер.

Жұмыс жасау кезінде негізінен теориялық зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтанушылық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, нақтылау, жинақтау, салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау.

ҚР Президенті мен ҚР ҰҚК Төрағасы бүгінгі күнде ҰҚО офицерінің тұлғасына үлкен талаптар қоюда, бұл талаптар тек қана ҰҚО офицерлерінде емес ҚР Қарулы күштері мен басқа да әскери құрама офицерлерінің бойында болу қажет. Өйткені әр қызмет өзінің іс-әрекетіне ерекшеленетін тапсырмаларды орындаса да, елімізде әртүрлі туындаған төтенше жағдай кезінде білек сыбанып сол қатарлармен бірге күресеміз. Зерттеуіміздің



ғылыми жаңалығы ретінде келген МПТ бүгінгі күнде ҚР басқа біраз шетелдерде зерттеулер жүргізілуде.

Зерттеуіміздің мәселесі ҚР ҰҚО қызметінің құндылығы ретінде офицерлерде МПТ-ты қалыптастыруындағы әдіснамалық тұғырларларға бағытталған. Ғылыми-педагогикалық еңбектерде әдіснамалық тұғырлар зерделеніп беріледі. Біз ҚР ҰҚО қызметінің құндылығы ретінде офицерлерде МПТ-ты қалыптастыру мәселелерін зерттеудің әдіснамасы және логикасын жасаудың негіздерін қарастырамыз.

Зерттеу жұмысының ҚР ҰҚО қызметінің құндылығы ретінде офицерлерде МПТ-ты қалыптастыру мәселелерін зерттеудің әдіснамасы және логикасы әр түрлі әдіснамалық негіздер мәселелер шешімін іздестіру белгілі бір гносеологиялық ұстанымдар негізінде алынған бастапқы әдіснамалық тұжырымдама бойынша жүзеге асады [9].

Тұжырымдамаға қойылатын талаптарды пайымдау кезеңі В.Я. Сквирскийдің тұжырымдамалық негіз құрудың талаптарға сәйкес мына кезеңдермен сипатталады: объектіні таңдау, оның мәнін көптеген басқа құрылымдар арасындағы орнын анықтау; тұжырымдама мақсатын жүзеге асырылуын нақтылау; тұжырымдаманы жүзеге асырудағы қажетті және нақты шарттарды белгілеу; түрлендіру қызметінің орындалуын қамтамасыз ету; іс-шаралар табыстылық критерийлерін жасау, оның нәтижесін бағалау; болжамды қызметін орындау; нақты объектіге бағытталған басқа да тұжырымдамадарды салыстыру [10].


ҚР ҰҚО қызметінің құндылығы ретінде офицерлерде МПТ-ты қалыптастыру мәселесін зерттеу логикасын құру үшін философиялық білім мен әдіснамалық білімге сүйендік. Философиялық білім – дүниетанымдық білімге, өлшемдер мен көзқарастар, тұжырымдамалар, білім беру теорияларына негізделіп, адамзат болмысы, жүйе, құндылық, үдеріс, нәтиже ретінде қарастырылды. Зерттеуіміздің алға қойылған мәселесіне сәйкес, ҚР ҰҚО қызметінің құндылығы ретінде офицерлерде МПТ-ты қалыптастыру негіздерінің логикасын құру үшін философиялық білім мен әдіснамалық білімге сүйендік. Осы орайда ҚР ҰҚО қызметінің құндылығы ретінде офицерлерде МПТ-ты қалыптастыру мәселелерін жан-жақты зерделей келе, 1-суреттегі тұғырларды қолдану логикасы көзделді.

Ғылымдағы маңызды әдіснамалық және теориялық бағыт ретінде жүйелілік тұғыр құндылықтардың әртүрлі типтер мен деңгейлер жүйесін зерттеу және құру әдіснамасын жасауға көмектеседі.

Жүйелілік тұғырға сәйкес кез келген әрекет (тәрбиелеу, оқыту, ұрыс, операциялар және қарулы қақтығыс және т.б.) тұтастай алғанда күрделі динамикалық иерархиялық жүйелер болып табылады, олар бір-бірімен және сыртқы ортамен әртүрлі, көбінесе сызықты емес байланыстармен әрекеттеседі. Бұл тұғырдың мәні - таным немесе дамыту (басқару) нысаны жүйе ретінде қарастырылатын іс-әрекеттегі әдіснамалық бағыт. Бұл белгілі бір күрделі қызметтің орындалуын анықтайтын жеке бөліктердің қарым-қатынасы мен байланысының бірлігін сақтап, бір-бірімен өзара байланысты



және өзара әрекеттесетін көптеген элементтердің құрылымы арқасында ғана мүмкін болады [11].



1 сурет - ҚР ҰҚО қызметінің құндылығы ретінде офицерлерде МПТ-ты қалыптастырудағы әдіснамалық тұғырлар

Жүйелілік зерттеулерді ерекшеліктеріне сәйкес жалпы ғылыми және философиялық зерттеулердің тоғысу саласы; жүйелік зерттеулердің логикасы мен әдіснамасы; арнайы ғылыми-жүйелі әдістемелері; жалпы жүйе теориясын құру салаларына жіктеледі (Э.Г. Юдин, В.Н. Садовский). Жүйелік тұғыр диалектикалық материализмнің бөлінбес бөлігі болып табылады. Жүйелілік тұғыр - нысанды жүйе ретіндегі зерттеу әдіснамасы (М.С. Каган, В.Г. Афанасьев және т.б.). Сондықтан, жүйелілік жалпы ғылыми әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде оқу-тәрбие үдерісін және бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге қажет сапалы ғылыми тұғыр ретінде қабылданады.

Жүйелілік тұғыр-тәрбиенің мақсатына, міндетіне сәйкес, мазмұнын жүйелі құра білу, жүйелі, бірізді, сабақтастықта берілуі білім алушының санасы мен танымына ықпал етеді [12].

Аксиологиялық тұғыр құндылық ұғымының болмысы заттар мен құбылыстардың адами маңыздылығын білдіреді. Құндылықтарға тек әлеуметтік прогреске байланысты жағымды маңызды оқиғалар мен құбылыстар кіреді. Аксиологиялық қағидаттарға мыналар жатады:

- құндылықтардың біртұтас гуманистік жүйесі шеңберіндегі барлық философиялық көзқарастардың теңдігі болып табылады;
- дәстүрлер мен шығармашылықтың теңдігі, өткеннің ілімдерін зерттеу және пайдалану қажеттілігін және олардың қазіргі және болашақтағы мүмкіндігін ашу;
- адамдардың теңдігі, құндылықтардың негіздері туралы пікірталастардың орнына –прагматизм; немқұрайлық немесе бірін-бірі теріске шығарудың орнына –диалог болуы мүмкін [13].

Аксиологиялық тұғыр – әлемге, адамдарға, өзіне қатысты әмбебап жалпы адамзаттық құндылықтарды қамтиды; әлеуметпен, мәдениетпен болып жатқан қарым-қатынасындағы отбасы-адамгершілік мәндерді



тәрбиелеуде білім алушы өз білімінің, өмірінің мәніне ие болуына бағыттауға көмектеседі [14].

Іс-әрекеттік тұғыр тарихи-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық зерттеулерде нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылған. Педагогикалық үдерісті қайта құру немесе өзгерістер енгізудің алғашқы формасы еңбек болған. Адамның материалдық және рухани байлықтарды жасаудағы іс-әрекеттері еңбек барысында атқарылып, айналасын қоршаған дүниені шығармашылықпен өзгеріске түсіреді [15]. Іс-әрекет тұғыры Г. Гегель теориялары бойынша заттық әрекет категориясының негізінде психиканы зерттеу қағидасы болып табылады [16].

Қорытынды.

Зерттеуіміздің бұл аспектісін қорытындылай келе бүгін ҚР-да және оның айналасында күрделі геосаяси үдерістердің өтіп жатқанын байқаудамыз. Осыған байланысты ҚР Президенті мен Үкіметі ҚР ҰҚО-ның жүйелі түрде дамуына үлкен назар салып отыр. Сондықтан да еліміздің болашағы үшін ҰҚО құндылығы ретінде офицерлерде МПТ қалыптастыру сұрағы өте өзекті болып отыр. Мәселеміздің бағдары болған қолданылып отырған әдіснамалық тұғырлар зерттеуіміздің ғылыми бағдарын ауқымды теориялық материалдармен толықтыруға мүмкіндік береді және әдіснамалық тұрғыда нәтижелі құралы болып табылады. Бұл тұғырлармен зерттеуіміздің ауқымы шектелмейді, болашақта диссертациялық зерттеу нәтижелері ғалымдардың назарына салынатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ШЫҰ плюс» саммитінде сөйлеген сөзі. 2024 жылғы 04 шілде [Эл. ресурс]. Кіру режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyshyu-plyus-sammitinde-soylegen-sozi-56265> (қаралған күні 03.01.2025).
2. Қазақстан Республикасының әскери Доктринасы. ҚР Президентінің Жарғысы 11.2011 №16.
3. Поливанов П.К., Абраимов Д.К. Система воспитательной работы в органах национальной безопасности Республики Казахстан. Монография. - Алматы: ПА КНБ РК. 2023. – 322 с.
4. Сибирко М.А. Формирование морально-психологической устойчивости курсантов образовательных учреждений МВД России в экстремальных ситуациях: диссер. ...кан. пед. наук. - Воронеж, 2012. – 197 с.
5. Хайруллова Э.Т. Развитие морально-психологической устойчивости сотрудников органов внутренних дел в системе непрерывного образования: диссер. ...кан. пед. наук. - Казань, 2016. – 112 с.
6. Марусенко О.Н. Ценности военной службы в условиях трансформации общества и социального института армии (региональный аспект): диссер. ...кан. соц. наук. - Хабаровск, 2008. – 118 с.



7. Володин В.В. Базовые ценности профессиональной деятельности сотрудников пограничных органов (социально-философский анализ): диссер. ...кан. соц. наук. - Москва, 2011. – 106 с.

8. Котухов А.Н. Ценностные основания образовательной деятельности в образовательных учреждениях ФСБ России пограничного профиля (социально-философский анализ): автореф. ...кан. соц. наук. - Москва, 2013. – 24 с.

9. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. Редакциясын басқарған филос.ғ.д., профессор А.Р. Масалимова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 350 бет.

10. Скворский В.Я О разработке и оценке педагогических концепций// Педагогика. – 1988. № 127– С.53-58.

11. Блауберг И.Г., Юдин Э.Г. Становление и сущность системного подхода. – М.: Наука, 1973. – 271 с.

12. Иманбаева С.Т., Майғаранова Ш.М. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық. - Алматы, 2018. – 20 б.

13. Пургина Е.И. Методологические подходы в современном образовании и педагогической науке: учеб. пособие/ Е.И. Пургина; Урал. гос. пед. ун-т. — Екатеринбург, 2015. – 275 с.

14. Асмолов А.Г. Личность как предмет педагогического исследования. –М.: МГУ, 1984. – 312 с.

15. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознания, личность. - М.: Политиздат, 1975. – 304 с.

16. Нурғалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика формирования. –Алматы, 1993. –380 с.

REFERENCES

1. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toқаevtyң «ShYҰ pljus» sammitinde seǵlegen sezi. 2024 zhyly 04 shilde [Jel. resurs]. Kiru rezhimi:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-shyu-plyus-sammitinde-soylegen-sozi-56265> (qaralǵan kyni 03.01.2025).

2. Qazaqstan Respublikasynyң әskerі Doktrinası. QR Prezidentiniң Zharǵysy 11.2011 No16.

3. Polivanov P.K., Abraimov D.K. Sistema vospitatel'noj raboty v organah nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazakhstan. Monografija.-Almaty: PA KNB RK. 2023. – 322 s.

4. Sibirko M.A. Formirovanie moral'no-psihologicheskoy ustojchivosti kursantov obrazovatel'nyh uchrezhdenij MVD Rossii v jekstremal'nyh situacijah: disser. ...kan. ped. nauk. - Voronezh, 2012. – 197 s.

5. Hajrullova Je.T. Razvitie moral'no-psihologicheskoy ustojchivosti sotrudnikov organov vnutrennih del v sisteme nepreryvnogo obrazovanija: disser. ...kan. ped. nauk. - Kazan', 2016. – 112 s.



6. Marusenko O.N. Cennosti voennoj sluzhby v uslovijah transformacii obshhestva i social'nogo instituta armii (regional'nyj aspekt): disser. ...kan. soc. nauk. - Habarovsk, 2008. – 118 s.
7. Volodin V.V. Bazovye cennosti professional'noj dejatel'nosti sotrudnikov pogranych organov (social'no-filosofskij analiz): disser. ...kan. soc. nauk. - Moskva, 2011. – 106 s.
8. Kotuhov A.N. Cennostnye osnovaniya obrazovatel'noj dejatel'nosti v obrazovatel'nyh uchrezhdenijah FSB Rossii pogrannichnogo profilja (social'no-filosofskij analiz): avtoref. ...kan. soc. nauk. - Moskva, 2013. – 24 s.
9. Taubaeva Sh.T. Pedagogikanyñ filosofijasy zhәне әdisnamasy: оқулық. Redakcijasyn basqarğan filos.f.d., professor A.R. Masalimova. – Almaty: Qazak universiteti, 2019. – 350 bet.
10. Skvirskij V.Ja O razrabotke i ocenke pedagogicheskikh koncepcij// Pedagogika. – 1988. № 127– S.53-58.
11. Blauberg I.G., Judin Je.G. Stanovlenie i sushhnost' sistemnogo podhoda. – M.: Nauka, 1973. – 271 s.
12. Imanbaeva S.T., Majfaranova Sh.M. Tәрбие zhymysynyn teorijasy men әdistemesi. Оқулық.- Almaty, 2018. – 20 b.
13. Purgina E.I. Metodologicheskie podhody v sovremennom obrazovanii i pedagogicheskoy nauke: ucheb. posobie/ E.I. Purgina; Ural. gos. ped. un-t. — Ekaterinburg, 2015. – 275 s.
14. Asmolov A.G. Lichnost' kak predmet pedagogicheskogo issledovaniya. – M.: MGU, 1984. – 312 s.
15. Leont'ev A.N. Dejatel'nost', soznaniya, lichnost'. - M.: Politizdat, 1975. – 304 s.
16. Nurgalieva G.K. Cennostnye orientacii lichnosti: metodologiya, teoriya, praktika formirovaniya. –Almaty, 1993. –380 s.

Марат Шопанбаев, докторант, подполковник, Пограничная академия КНБ РК, Алматы, Казахстан, shopanbaev@mail.ru

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ У ОФИЦЕРОВ МОРАЛЬНО- ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ УСТОЙЧИВОСТИ КАК ЦЕННОСТИ СЛУЖБЫ ОРГАНОВ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье использованы методологические подходы в целях научного изучения проблемы формирования морально-психологической устойчивости у офицеров как ценности службы органов национальной безопасности Республики Казахстан. Вокруг государственной границы Республики Казахстан сегодня обостряется международная ситуация, поэтому это направление имеет для нас большое значение. Со стороны



главы государства и правительства на сегодняшний день предъявляются большие требования к профессиональной квалификации офицера, в связи с чем в будущем необходимо уделять большое внимание морально-психологической устойчивости, которая станет составной частью морально-психологического обеспечения. В данной работе в целях раскрытия потенциала морально-психологической устойчивости использованы системный подход, деятельностный подход и аксиологический подход. Упомянутые выше методологические подходы могут быть использованы в качестве методологического инструмента для определения компонентов качества, которое необходимо сформировать у офицеров в исследовании.

